

М.Әуезоватындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
«Спорт және туризм» факультеті

ХАТТАМА

№ 2А

05.02.2026 ж.

ПРОТОКОЛ

№ 2А

05.02.2026 г.

«Спорттық пәндер және жекпе жектер» кафедрасы

Қатысқандар: СТИ 25-3к1 тобының студенттері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жасыл экономика» тақырыбында білім алушыларға ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер дағдыларын қалыптастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Алғашқы боп сөз кезегін топ кураторы А.Х. Кулматова алды: Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы Қазақстан халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру және елдің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі арқылы қоршаған ортаға түсетін жүктеме мен табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, жаңа тұрпаттағы экономикаға көшу мақсатында терең жүйелі жаңартулар үшін негіз қалайды. Ел алдында тұрған «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі негізгі басым міндеттер:

1. ресурстарды (су, жер, биологиялық және басқа) пайдалану мен оларды басқару тиімділігін арттыру;
2. қолда бар инфрақұрылымды жаңғыртып, жаңаларын салу;
3. қоршаған ортаға қысымды жұмсартудың рентабельдік жолы арқылы халықтың әл-ауқаты мен қоршаған ортаның сапасын арттыру;
4. ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін арттыру болып табылады.

ТЫҢДАЛДЫ: Аға оқытушы Кадыров А.К. : «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама үш кезеңмен іске асырылады:

1. 2013-2020 жж. – осы кезеңде мемлекеттің негізгі басымдығы ресурстарды пайдалануды оңтайландыру және табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру болады;
2. 2020-2030 жж. – қалыптасқан «жасыл» инфрақұрылым базасында суды ұқыпты пайдалануға, жаңартылатын энергетика технологияларын дамытуды көтермелеп, ынталандыруға және оны кеңінен пайдалануға, сондай-ақ құрылыстарды энергия тиімділігінің жоғары стандарттарының базасында салуға бағдарланған ұлттық экономиканы жаңарту басталады;
3. 2030-2050 жж. – ұлттық экономиканың табиғи ресурстардың жаңартылуы мен орнықтылығы қағидаттарында пайдалануды талап ететін «үшінші өнеркәсіптік төңкеріс» деп аталатын қағидаттарға көшуі.

Су ресурстарын орнықты пайдалану, орнықты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, электр энергетикасын дамыту, қалдықтарды басқару жүйесі, ауаның ластануын азайту және экожүйелерді сақтап қалу және тиімді басқару бағыттары бойынша «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі іс-шаралар Тұжырымдамаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

«Жасыл экономикаға» көшуді іске асыру мәселелері «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен реттелетін болады.


ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ: Топ студенттеріне «Жасыл экономикаға» көшуді іске асыру мәселелері «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен танысу.

«Спорттық пәндер және жекпе жектер»
кафедрасының меңгерушісінің м.у.а.



Б.Н. Жанбыров

Куратор



А.Х. Кулматова

Хатшы



А.Жылкелді